



ПРЕЗИДЕНТ

ОЗЫҚ БІЛІМДІ, ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ИГЕРГЕН ЕЛДІҢ ҰНАЙЫ ТҮГЕЛ

«АДАЛ АЗАМАТ» МЕКТЕПТЕ ҚАЛЫПТАСАДЫ

Отырыста сөз алған Мемлекет басшысы қатысушыларды дәстүрлі Тамыз конференциясының ашылуымен құттықтап, басқосудың маңызына тоқталып, жас ұрпақтың бойына білім нәріні сеуіп, озық ойлы ұлт тәрбиелеп жүрген педагог қауымға ризашылығын білдірді.

— Шын мәнінде, мұғалімдер мемлекеттік маңызы бар жұмысты атқарып жатыр. Ыбырай Алтынсарин «Жақсы оқытушыны бәрінен де қымбат көреміз» деген. Елдің ертеңі мұғалімдерге тікелей байланысты. Сондықтан ұстаздың қоғамдағы орны бәрінен биік болуға тиіс. Біз бір ел, бір халық болып, Әділетті, Таза әрі Қуатты Қазақстанды құрып жатырмыз. Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру үшін нақты реформаларды қолға алдық. Бұл — ауқымды әрі күрделі жұмыс. Бүгінге дейін біраз шаруа атқарылды. Елдегі саяси жүйе толық жаңғырды. Ұлттық экономиканың жаңа бағдары айқындалды. Қоғамымыз дамып, азаматтардың сана-сезімі өзгеріп келеді.

Мемлекеттік қызметте меритократия қағидаты басты орынға шықты. Билікте де «отбасылық жүйе» жоқ. Азаматтарды қызметке тағайындау кезінде ең алдымен олардың білімі мен кәсіби білігі ескеріледі. Қазір елімізде рухы азат, ойы еркін ұрпақ өсіп келеді. Занды сыйлау, тәртіпке бағыну қоғамның мызғымас қағидасына айналма бастады. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан жаңа сапатты ел болу жолына бет бұрды. Бірақ өзгерістерді жасау — бір бөлек болса, оны біржола орнықтыру — бір басқа мәселе. Ол үшін, ең алдымен, қоғам санасы түбегейлі жаңғыруы қажет. Осы ретте сіздерге, яғни ұстаздар қауымына зор жауапкершілік жүктеледі. Себебі нағыз «Адал азамат» мектепте қалыптасады, — деді Қ.Тоқаев.

Президент атап өткендей, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Мектептің жаны — мұғалім» деген. Сол себепті Мемлекет басшысы еркін етті ел боламыз десек, ұстаздарға барынша жағдай жасауымыз керектігін жеткізді.

— Мен білім беру саласына айрықша мән беремін. 2019 жылы Президент ретінде



Елордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен дәстүрлі республикалық Тамыз конференциясы өтті. Мемлекеттік орган өкілдері, білім саласының қызметкерлері, ата-аналар жиналған алқалы жиналыста былтырғы оқу жылының нәтижелері қорытындыланып, жаңа оқу жылындағы өзгерістер айтылып, тиімді, жемісті педагогикалық тәжірибелер көрсетіліп, ұрпақ тәрбиелеу, оқыту ісіндегі үздіктерді Президент марапаттады.

қабылдаған алғашқы шешімдердің бірі ұстаздарға қатысты болғанын білесіздер. Қазір — білім мен ғылымның заманы. Жаһандан дәуірінде озық білімді игерген, жаңа технологияны меңгерген елдің ұнаы түгел болады. Бүгін саналы ұрпақ тәрбиелей алсақ, ертең заман көшінің басында жүреміз. Сондықтан осы саланы қолдау мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығы болып қала береді. Соңғы жылдары бұл бағытта ауқымды жұмыс атқарылды. 2019 жылдан бері білім саласының бюджеті үш есе артты. Осы уақытта 1 миллионнан астам оқушыға арналған 1200 мектеп ашылды. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында

жалпы саны 217 мектеп құрылысы жоспарланды. Қазір 128 мектеп салынды. Бұдан бөлек, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаржысына алпыстан астам мектеп салынды. Тағы 30-ға жуығы салынып жатыр. «Педагог мәртебесі туралы» арнайы заң қабылданды.

«Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атағы белгіленді. Бүгінде 74 мұғалім осы құрметті атаққа ие болды. Былтыр 2 ұстаз «Қазақстанның Еңбек Ері» атанды. Бұл — барша педагогтер қауымына көрсетілген зор құрметтің белгісі. Мұғалімдердің әлеуметтік жағдайын жақсарту әрдайым басты назарда. Соңғы төрт жылдың ішінде

олардың жалақысы 2 есе өсті. Қазіргі таңда 500 мыңнан астам ұстазға үстеме ақы төленеді. «Білім берудегі өзгерістердің мың көшбасшысы» жобасы қолға алынды. Осы жобаға қатысқан 332 маман мектеп директоры болып тағайындалды. Мұғалімдер өз міндетіне кірмейтін артық жұмыстан босатылды. Ұстаздың назары бала оқыту ісінде болуға тиіс, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҚАЛА МЕН АУЫЛ БІЛІМІН ТЕЖЕСТІРУ — МІНДЕТ

Президент мұғалімдердің жаңа толқынын даярлау айрықша маңызды жұмыс екеніне тоқталып, биыл білім беру саласына 13 мыңнан астам грант бөлінгенін айтты.

— Педагог мамандығы бойынша оқып жатқан студенттердің шәкіртақысы бес жылда екі есе көбейді. Жаңа оқу жылынан бастап шәкіртақы 84 мың теңге болады. Осындай нақты шаралардың нәтижесінде жастардың мұғалім болуға ынтысы артып келеді. Былтыр 1800-ге жуық «Алтын белгі» иегері педагог мамандығына оқуға түскен. Ал биыл 2 мыңнан астам үздік түлек ұстаз мамандығын тандап отыр. Бұл — барлық «Алтын белгі» иегерлерінің 23 пайызға жуығы деген сөз. Мұның бәрі қоғамда ұстаздардың абырой-беделінің арта түскенін аңғартады.

Мұғалімнің білігін, мәртебесін көтеру және білім сапасын арттыру үшін басқа да көптеген іс атқарылды. Нәтижесі жаман емес. Биыл оқушыларымыз өлемдегі ең беделді жеті олимпиададан 27 медаль алды. Бұдан бөлек, халықаралық олимпиадалардан 1000-ға жуық медаль иеленді. Бұл — әрине, ұл-қыздарымыздың сапалы білімі мен терең ізденісі және ұстаздардың қажырлы еңбегінің жемісі. Мен жақында осындай бір топ оқушыны Ақордаға арнайы шақырып, марапаттадым. Олар қазақтың зияткер ұлт екенін бүкіл әлемге танытып жүр. Жалпы, нақты жетістіктер аз емес. Бірақ арқауы кеңге салуға болмайды. Себебі алда атқарылатын шаруа одан да көп. Осы орайда, бүгін Оқу-ағарту саласына қатысты бірқатар оғымды ортаға салғым келеді, — деген Президент Қ.Тоқаев бес басымдыққа тоқталды.

Жалғасы 2-бетте.

ҚЫЗЫЛЖАРДА «МАҒЖАН ОРТАЛЫҒЫ» АШЫЛДЫ

XIX ғасырда салынған әрі сәулет ескерткіші мәртебесіне ие көне ғимаратта орналасқан «Мағжан орталығына» арнайы мамандардың қатысуымен реставрация жүргізілген екен. Атап айтқанда ғимараттың дизайнын ҚР Суретшілер одағының мүшесі Болат Әсербеков әзірлесе, өзге құрылыс жұмыстары Түркі мәдениеті мен мұрасын сақтау қорының қолдауымен жүзеге асырылыпты.

Сонымен қатар «Мағжан орталығының» жанында «Мағжан» арт-композициясы бар саябақ салынған екен. Оған жергілікті кәсіпкерлер мен тұркиялық меценаттар бастамашы болыпты.

«Мағжан орталығының» салтанатты ашылу рәсіміне ҚР Премьер-министрінің орынбасары Ермек Көшербаев, ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілдері, Түркі мәдениеті мен мұрасын сақтау халықаралық ұйымының басшылығы, ҚР Жазушылар одағы басқармасы, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов, ұлы тұлғаның туыстары, сондай-ақ зиялы қауым өкілдері мен қала тұрғындары қатысты.

Премьер-министрдің орынбасары Ермек Көшербаев өз сөзінде Мағжан шығармашылығының ұлттық әдебиетіміз бен педагогикамыздың қалыптасып дамуындағы орнына тоқталды: «Тарихи тұлғаларды ұлықтау — біздің парызымыз ғана емес, ол — тәуелсіздіктің рухани тірегі, ұлттық сана-сезімнің берік іргетасы. Мағжан Жұмабаев сияқты бірегей тұлға арналған орталықтың ашылуы — бүкіл ел үшін маңызды оқиға. Мағжан: «Мен жастарға сенемін» деді. Бүгінде оның «Батыр Баян», «Қорқыт» поэмалары, «Пе-



Еліз бойындағы ежелгі қала Қызылжарда «Мағжан орталығы» ашылды. Тамыздың екі шәкіртіне естініп айқары атқан бұл мәдени ерлікшінің маңызы зор. Қазақ поэзиясының жарық жүздыздарының бірі, ұлттық педагогика мен педагогикалық негізін қалыптастырғандардың бірі, ұлттық қайраткері Мағжан Жұмабаевтың атымен аталған бұл ғимаратта мәдени хаб алдығы кезінде тарихи мұраны жақсарту ерні белгіленіп қатар, ғылыми зерттеулер жүргізіліп, сан түрлі бағыттағы басқарушылардың жүзеге асырылып, етандық және халықаралық аралық диалогтар мен шығармашылық жобаларды жүзеге асыратын зияткерлік кеңестікке айналмақ.

дагогика» оқулығы және басқа да туындылары жас ұрпақты отансүйгіштікке, елге адалдыққа, жауапкершілікке тәрбиелеуді жалғастырып келеді. Бұл орталық Мағжан

рухын жастарға жеткізіп, оларды батыл ойлауға, абыроймен өркет етуге және туған жерге адал болуға шабыттандырады.

Бұл орталықта Мағжан Жұмабаевтың жұмыс кабинеті өзі өмір сүрген дәуірде қолданылған тұрмыстық заттарымен сабақтастыра жасқалған. Мұнда заманауи ақпараттық технологиялардың жетістіктеріне сай жабдықталған мәжіліс залы, медиатека, мұрағат құжаттарын зерттеу кабинеті, сондай-ақ «Мағжан» журналының редакциясы жұмыс істейді. Және де мұнда зиялы қауымға арналған шығармашылық алаң мен «Мағжантану» әдеби клубы жұмыс істеп, онда түрлі форматтағы кездесулер, пікірталастар, тақырыптық кештер ұйымдастыруға мүмкіндік тудырылмақ.

«Біз, солтүстікқазақстандықтар үшін, Мағжан — тек ұлттық қазына ғана емес, біздің өміріміздің мақтаншысы. Оның есімі Қазақстанда ғана емес, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстанда, әсіресе Түркияда ерекше құрметке ие. «Мағжан орталығы» тек жергілікті тұрғындардың емес, еліміздің түпкір-түпкірінен және шетелден келетін қонақтарды да сүйікті орнына айналады деп сенемін», — деп атап көрсетті, өз сөзінде өмір басшысы Ғауез Нұрмұхамбетов.

Бұл орталықтың ашылуы — еліміздің ең қиыр солтүстігінде жатқан, әрі ұлт руханиятының қаймағын әлі де қалыңдата түсуге дилер өмірдің әдеби, мәдени өміріне үлкен серпіліс берері сөзсіз. Бұдан былай Петропавл қаласы мен аудан, ауылдардағы талапты зерттеушілер осы орталықта қоғамдық ғылымдар салалары бойынша ғылыми-зерттеулер жүргізе алады.

«Мағжан орталығы» жұмыс, алда атқарылар жұмыстары кестісі болғай!

Асылбек БАЙТАНҰЛЫ.

ОЗЫҚ БІЛІМДІ, ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ИГЕРГЕН

Жалғасы, басы 1-бетте.

БІРІНШІ. Білім саласын жақсарту түсуі қажет. Қазір ғылым мен білім, технология өте жылдам өзгеріп жатыр. Кеше алған білімнің ертең өзекті болмай қалуы мүмкін. Сондықтан мұғалімнің білікті болуы – өте маңызды мәселе. Жоғары оқу орнында алған біліммен шектеліп қалуға болмайтыны түсінікті. Озық ойлы шәкірт тәрбиелеу үшін ұстаздар ұдайы ізденіп, білімін жетілдіріп отыруы керек. Балалардың оқуға зейінін ашатын әдіс-тәсілдерді жетік меңгерген абзал.

Дамыған мемлекеттерде білім беру саласы ұлттық экономиканың тірегі, қозғаушы күші екені белгілі. Сондай елдердің тәжірибесін зерттеген жөн. Бірақ басқалардың бала оқыту үлгісін күр көшіріп әкеле салуға да болмайды. Озық тәжірибені үйреніп, оны еліміздің болмысына бейімдеу керек. Жалпы, білім беру стандарттарына, оқыту әдістемесіне, оқулыққа енгізілетін кез келген өзгерісті өте мұқият саралау қажет. Себебі білім саласында ешқандай қателікке жол беруге болмайды. Бір ғана қателіктің салдары өте ауыр болуы мүмкін.

Тағы бір маңызды міндет – қала және ауыл мектебіндегі білім беру деңгейін теңестіру. Кейінгі төрт жылда 4 мыңнан астам ауыл мектебінің материалдық-техникалық қоры жаңғыртылды. Оның басым көпшілігі – ауыл мектептері. Ауылдағы білім ошақтарына күрделі жөндеу жүргізіліп, жаңадан кітапхана, асхана мен спорт залдары салынып жатыр. Бұл жұмыс алдағы уақытта да жалғасын табады. Баланың бәрі бірдей. Ауыл баласы мен қала баласының білім алу мүмкіндігі де бірдей болуы керек, – деген Мемлекет басшысы «Келешек мектептері» жобасының негізгі мақсаты да осы екенін атап өтті.

ӨСКЕЛЕН ҰРПАҚТЫ ӨЛЕУМЕТТІК КЕСЕЛДЕРДЕН САҚТАУ МАҢЫЗДЫ Президент келесі бағытта білім мен тәрбиеге тоқталды.

ЕКІНШІ. Білім тәрбиемен ұштасқанда ғана берекелі, сапалы болады. Білім мен тәрбие – кез келген қоғамның қос тұғыры. Бұл екеуін бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Мектеп – білім мен тәрбиенің киелі ордасы. Ұлы Абай «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» деген. Өскелең ұрпақты білімпаздыққа баулу қаншалықты маңызды болса, онарға дұрыс жол көрсету, бағдар беру де соншалықты маңызды. Біз жастардың адал өрі еңбеккер болып өсуіне ерекше мән беруіміз қажет. Ұл-қыздарымыз жақсы мен жаманның, ақ пен қараның арасын ажырата білуі керек.

Биылдан бастап елімізде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы жүзеге асырыла бастайды. Бұл бағдарламаны барлық мектеп, соның ішінде жекеменшік мектептер де қолданады. Сондай-ақ мен осы жобаны педагог мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарына да енгізуді ұсынамын. Ұлттық білім саласындағы тәрбие жұмысында біртұтас жүйе болуы керек, – деді Мемлекет басшысы.

Президент жас ұрпақтың бойына жалпыұлттық құндылықтарды сіңіру қажеттігін де атап өтті.

Әрбір жас отаншыл, жасампаз, жаңашыл, білімпаз, еңбеккер, ұқыпты, үнемшіл болып өсуі керек. Сондай азаматтар ғана мәдениетті, қауіпсіз өрі «Заң мен тәртіп» үстемдігі құратын қоғамның іргесін қаламақ. Халқымыз «Тәрбие – тал бекістен басталады» деп бекер айтапқан. Ұрпақ тәрбиесінде ата-ана, мұғалім және мемлекеттік органдар бірге жұмыс істеуіне тиіс. Себебі жауапкершілік беріне – ортақ.

Хәкім Абай да «Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деп айтқан. «Отбасы – мектеп – мемлекет» үштігі үйлесімді болса, жақсы нәтижеге жетуге болады. Ал бұл үштіктің өзіндегі – еңбеккерлік идеясы болуға тиіс. Жас ұрпаққа еңбексіз ешқандай игілік болмайтынын үнемі түсіндіріп айту керек. Қоғамда мысалдық жол бермеу қажет. Себебі бұл жол тек тығырыққа тірейді.

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы – осы бағыттағы нақты шараның бірі. Мен бұған дейін де айттым. Таза Қазақстан дегеніміз – қоршаған ортаны таза ұстау ғана емес. Әрине, ол да маңызды. Сонымен бірге бұл – ой-сана тазалығы деген сөз. Жан-дүниесі таза адам қабырғымды, мейірімді болады. Қолы таза адам жемқорлыққа бармайды, адал болады. Асыл қасиеттерді бойына сіңірген нағыз адал азаматтар Әділетті Қазақстанның тірегі болатыны сөзсіз, – деді Қ.Тоқаев.

ҮШІНШІДЕН, Мемлекет басшысы өскелең ұрпақты әлеуметтік кеселдерден сақтау маңызды екенін атап өтті.

Балалар өмірлік дағдының көбін мектепте меңгереді. Олар мұнда тәртіпке бағынып, жүріп-тұры ережелері мен әдеп нормаларын сақтауды үйренеді. Сондықтан мектеп өзара құрмет пен жауапкершілікке толы үйлесімді қоғамның үлгісі болауы тиіс. Балаларды жауапкершілікке баулып, оларға кез келген әрекеттің салдары болатынын түсіндіру маңызды. «Заң мен тәртіп» қағидаты тәрбие жұмысының ажырамас бөлшегіне айналуға тиіс. Ең басты міндет – осы тұжырымдаманың мән-маңызын түсінікті тілде, озық педагогикалық әдістер арқылы



өскелең ұрпақтың санасына сіңіру. Бұл іске директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мен мектеп психологтерінен бөлек, барша ұстаз қауымы атсалысуға тиіс. Өйткені бұл – мемлекеттік маңызы бар міндет.

Балаларды әлеуметтік кеселдерден қорғау үшін олардың сыни ойлау қабілетін ұштау қажет. Жас ұрпақтың көп уақытын интернет пен әлеуметтік желілерде өткізетіні белгілі. Олар жалған идеялар мен мінез-құлықты бұзатын теріс тәрбиенің ықпалына оңай түсуі ықтимал. Сол себепті өрі педагог балаларды өз эмоциясын ұстауға, кез келген нәрсеге немесе жағдайға байланып қарап, дұрыс шешім қабылдауға үйретуі керек. Нашарлық пен лудомания, турмыстық зорлық-зомбылық, буллинг және бұзақылық сынды зиянды әдеттермен күресуде мұғалімдер айрықша рөл атқарады. Жас ұрпақ арасындағы наркотизмге қарсы іс-қимылға бүкіл қоғам болып жұмылу керек. Бұл туралы жақында Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында айтылды. Бірақ ең бастысы, әртүрлі стимуляторлармен әуестену, тіпті ол зиянсыз болса да, түбі жарға жығатынын балалар мен жастарға түсіндіру қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Зиянды заттарды тұтыну немесе виртуалды ойындар арқылы шындықтан ажырап, қиялға ерік беру адамды айналасына жексұрын қылып, қоғамнан шеттетеді. Шын мәнінде, мұндай жандар өз болашағына балта шабады. Олар жақсы жұмыс тауып, берекелі отбасын құру мүмкіндігінен айырылады. Өзінің дарынын көрсетіп, биік мақсаттарға жете алмайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент мектеп өрі бала үшін қауіпсіз жер болуға тиіс екенін де айтты.

Зорлық-зомбылыққа, әлімжеттікке, яғни буллингке, қатыгездік пен озбырлыққа мүлде жол берілмеуі керек. Кейінгі екі жылда өскелең ұрпақтың құқығын қорғау үшін нақты шара қабылданды. Атап айтқанда, көмектес жасына толмағандарға қатысты жасалған кез келген зорлық-зомбылық үшін берілетін жаза қатайды. Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің құзыреті кеңейді. Сондай-ақ тағы бір өзекті мәселе. Балалардың өз-өзіне қол жұмсау жағдайларының, яғни суицидтің алдын алу бойынша жүйелі жұмыс істеліп жатыр. Еліміздегі барлық мектепте «111» психологиялық қолдау қызметінің QR-код орнатылды. Жаңа оқу жылынан бастап мектептер мен колледждерде әлімжеттікке, буллингке қарсы «DосbOnLIK» атты бағдарлама іске қосылды.

Негізгі мақсат – балалар мен жеткіншектер арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу. Бұл бағыттағы маңызды жұмыс тоқтамайды, жасөспірімдердің құқығы мен мүддесін қорғау мәселесі әрдайым мемлекет назарында болады. «Не екен, соны орасын» деген. Қазір біз бір қоғам болса ұрпақтың бойына қандай құндылықтарды сіңірсек, ертең ондаған жылдан кейін ұлтымыздың сапасы да сондай болмақ. Әділетті, Озық, Таза, Қауіпсіз және Қуатты Қазақстанның іргесі мектепте қаланады, – деді Президент.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ БІЛІМ

Мемлекет басшысы әлем жаңа технологиялық дәуірге қадам басқанын айттып, жаһандық үдерістерге бейімделу керектігімізді ескертті.

ТӨРІНШІ. Білім беру үдерісінде цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектің жедел енгізуі қажет. Әлем жаңа технологиялық дәуірге қадам басты. Оның басты нышанын инновацияның қарқынды

дамуы мен жасанды интеллектің өмірімізге дендеп енуінен байқауға болады. Сондықтан бүгінде «озық ойлы ұлт» пен «технологиялық ұлт» ұғымдары – егіз. Біздің міндетіміз – жаһандық үдерістерге бейімделу. Ол үшін білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформацияның қарқынды үдетуі өте маңызды. Цифрландыру мен жасанды интеллектің игеруі білім саласындағы теңсіздікті еңсеріп, оқу сапасын айтарлықтай арттыруға үлес қосады.

Бүгінде еліміздегі мектептердің 95 пайыздан астамы жылдам интернетпен қамтылған. Аталған көрсеткішті 100 пайызға жеткізу керек. Жерсерік жүйелерінің мүмкіндіктерін осы мақсатқа пайдалануға болады. Мұны жай ғана инфрақұрылымға теңдей қол жеткізу мәселесі емес, әлеуметтік әділдіктің маңызды идеологиялық қағидаты ретінде қарастырылған жөн. Сонымен қатар озық инновациялық тәсілдер ерекше қажеттілігі бар балалардың толыққанды білім алуына жол ашып, инклюзивті орта қалыптастыруға мүмкіндік беріп отыр.

Елімізде мектепке немесе колледжде қабылдау, сондай-ақ басқа мектепке ауысу бойынша барлық негізгі қызметтер цифрлық жүйеге көшірілген. Электронды Үкіметтің мобилді қосымшасында білім саласына қатысты барлық ақпарат жиналған. Білім қызметі жұмыс істеп тұр. Бірақ алда өлі де ауқымды жұмыс бар. Босануға болмайды. Үкімет пен өкімдер бұл жұмысқа баса мән беруі керек. Мысалы, білім беру мекемелерін тиімді интерактивті құрал-жабдықпен қамтамасыз ету керек. Оқытуға арналған цифрлық платформалар мен электронды оқулықтар барлық оқушыға қолжетімді болуға тиіс. Бұл ретте оқыту материалдары түгел мұқият сарпалтуы керек.

Келесі маңызды міндет.

Балаларға жастайынан жасанды интеллект технологиясымен оқытқан жөн. Бұл – болашақта жастарымызды бәсекеге қабілетті озық маман болуына қажетті бірден-бір дағды. Бұл педагогтерге де қатысты. Мұғалім өз пәнін жетік меңгеріп қана қоймай, педагогикалық тәжірибеде жаңа технологияларды да қолдана білуі керек. Жалпы, білім беру саласын мүлдем жаңа сапалы деңгейге шығару үшін цифрландыру мен жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін толық пайдаланған жөн. Сіздер тұтас еліміздегі технологиялық тұрғыдан жаңғырту ісінде алдыңғы шептен табылып, біздің қоғамды нағыз прогрессивті өрі дамыған ұлтқа айналдыруға ерен үлес қосасыздар деп сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

Қ.Тоқаев мұғалімнің құқығын қорғау мәселесіне тоқталып, «Педагог мәртебесі туралы» заңға өзгерістер енгізу қажеттігін баса айтты.

БЕСІНШІ. Мұғалімнің құқығын қорғау мәселесі әрдайым басты назарда болуға тиіс. Мен сөз бастыдан ұстаздардың өз міндетінен тез жұмыстардан босатылғанын айттым. Бірақ кейде жергілікті билік өкілдері заң талаптарын өрескел бұзып жатады. Прокуратура органдары мұндай заң бұзушылықтарға тосқауыл қоюы керек. Сондай-ақ балаларға қатысты кез келген жазатайым жағдай үшін де мұғалімді жазалау орынсыз. Мектептен тез жерде, ата-аналардың жауапсыздығынан оқис оқиға болса, оған педагог жауапты емес. Алматы облысында түлктер арасында болған қайғылы жағдай үшін директор мен мұғалімдер жауапқа тартылып, жұмыстан шығарылды. Министрілік олардың мүддесін қорғап қалды. Дұрыс. Біз мұндай келеңсіздікке жол бермеуіміз керек. «Педагог мәртебесі туралы» заңға ұстаз құқығын қорғау жөнінде өзгерістер енгізу

қажет. Мемлекеттің міндеті – мұғалімнің қоғамдағы беделін және мәртебесін мейлінше арттыру. Тағы бір мәселе. Маңғыстауда балалар сапасыз тамақтан улапын қалғанын білесіздер. Осы сұмдық жағдайдан кейін мектептегі тамақтың сапасын қадағалау жұмысын Денсаулық сақтау министрлігі толығымен өз міндетіне алды. Бұл өте дұрыс шешім болды. Жалпы, білім саласы – мемлекет үшін стратегиялық мәні бар сала. Сондықтан құзырлы мемлекеттік органдар білім саласындағы мәселелерден сырт қалмауы керек. Түптеп келгенде, балалардың амаңдығы, олардың денсаулығы және сапалы білім алуы – еліміздің келешегіне тікелей қатысы бар мәселе.

Әлем тарихында білім-ғылымды басты орынға қойып, дамудың даңғыл жолына түскен, орасан зор табысқа жеткен елдер аз емес. Білім мен ғылым Қазақстан дамуының қозғаушы күші болуға тиіс. Алдағы жылдары осы міндетті орындауға бар күш-жігерімізді салып жұмыс істеуіміз керек. Бұл – Мемлекет басшысы ретінде мен үшін мызғымас басымдық.

Мен Қазақстан ұстаздарының қажырлы еңбегін жоғары бағалаймын, сіздер жас буынға беріп жатқан білімнің күшіне сенемін. Шын мәнінде, ұстаздық – жай мамандық емес, бұл – ұлы миссия. Адам қандай жетістікке жетіп, биікке шықса да, ұстазының алдында өмір бойы шәкірт болып қалады. Қазақстанның жарқын болашағы Сіздердің табанды еңбектеріңізге тікелей байланысты. Себебі сіздер тұтас ұлтты оқытып, тәрбиелеп жатырсыздар. Осы жауапкершілікті төлеп сезініп, қастерлі міндетті абыроймен атқара бересіздер деп сенемін. Сіздердің еңбектеріңіз ең жоғары құрметке лайық. Көзі ашық, көкірегі ояу, ошы ұшқыр шәкірттеріңіз көбіей берсін! Жаңа оқу жылы табысты болсын! – деп сөзін түйіндеді Президент.

МІНДЕТТЕР МЕМЛЕНГЕН МӘЗЕТ

Тамыз конференциясында сондай-ақ Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсенбаев баяндама жасады. Ол білім саласы қызметкерлерінің басты жиынында білім жүйесіндегі қол жеткізген жетістіктер мен алдағы міндеттерге тоқталды.

Министр мәлімдегендей, 2 мен 6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі ұйымдармен қамту жоспары бүгінде 93%-ға орындалды. Ендігі мектеп – жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 95%-ға жеткізу. Оған жетуге тиісті жағдай жасалып отыр. Мәселен, бытыр басталған ваучерлік қаржыландырудың қанатқатық жобасы көзектіліктің 44%-ға азайғанын өрі 8 миллиардқа жуық теңге үнемделгенін көрсетсе, биыл 179 мектепте деңгейлі ұйым ашылды, ал кейінгі алты жылда бұл көрсеткіш 1 600 мекемеге артты.

Кейінгі алты жылда «Педагог мәртебесі туралы» заңның қабылдануы, 1 300 мектептің реновациясы, 4000 мектептің модернизациясы, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы, заманауи «Келешек мектептерінің» құрылысы тың өзгерістерге үлкен қозғау

ЕЛДІҢ ҰПАЙЫ ТҮГЕЛ

салып, білім саласының қарқынды дамуына жол ашты. Бұл бастамалар осы жылдары еліміздегі үш ауысымды мектептердің санын – 4 есеге, апатты жағдайдағы мектептерді – 2 есеге, оқушы орнының тапшылығын 4 есеге азайтты.

Инклюзивті білім беру және психологиялық-педагогикалық қолдауға жағдай жасау 90%-ға артты, ерекше білім қажеттіліктері бар балаларға арналған кабинеттер саны екі есе өсті, ал арнайы білім беру ұйымдарының желісі 230-ға жетті. Осы жылдың наурыз айында Құрылтайда қойылған міндеттерге сәйкес «Мүмкіндігі шектеулі балаларды көшенді қолдау туралы» заң жобасы әзірленіп жатыр. Сонымен қатар Ұлыбританияның астанасы Лондон қаласында өткен Халықаралық білім беру көрмесінде Инклюзия бойынша тұңғыш Дүниежүзілік конгресті 2025 жылдың қазан айында Қазақстанда өткізу туралы шешім қабылданды. Балалардың құқықтары мен қауіпсіздігін қорғауды күшейту мақсатында 6 заңға 94 түзету енгізілді және БҰҰ-ның бала құқықтары туралы бағдарламаларға қатысты конвенциясының Факультативтік хаттамасы ратификацияланды, – деді Ф.Бейсембаев.

Министрдің айтуынша, Қамқоршылық және қорғаншылық органдары жұмысының тиімділігін арттыру үшін осы жылдың қаңтар айында бес мың балаға кемінде бір маманнан келетін қорғаншылық органдары штат санының нормативі бекітілді. Бірлескен жұмыс нәтижесінде қорғаншылық органдары мамандарының штаты 593 бірлікке өсті. Қаңтар айында Женевада қазақстандық делегация құқық қорғау саласындағы міндеттемелердің орындалуы туралы төртінші баяндаманы қорғағанда БҰҰ-ға мүше мемлекеттер балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі қазақстандық реформаларға жоғары баға берген.

Жыл соңына дейін «Қазақстан балалары» біртұтас бағдарламасы қабылданды. Балалардың мүдделерін жан-жақты ескеріп тұр бағдарлама 7 стратегиялық бағытты қамтиды (отбасы, білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, құқықтық қорғау, қауіпсіз орта құру, бес уақытын ұйымдастыру және спорт). Мемлекет тарапынан педагогтердің кәсіби өсуіне жүйелі жағдай жасалып келеді. Быылғы жылдың өзінде біліктілікті арттыру курстарымен қамту екі есеге өссе, әділ әрі ашық аттестаттаудың жаңа цифрлық жүйесі сапалық құрамды 72%-ға арттырды.

Отырыста баяндалғандай, Қазақстанның PISA көрсеткіштері, Францияның Париж қаласында өткен Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының отырысында оң бағасын алды, Білім алушылардың білім жетістіктерін мониторингтеудің отандық құралы алғаш рет халықаралық сертификаттауда өтті.

Сонымен қатар республикалық білім беру ұйымдарының инфрақұрылымы жаңартылып жатыр. Атап айтқанда, Түркістандағы «Білім-инновация лицейі» жаңа ғимаратқа көшірілсе, Алматыдағы Республикалық физика-математика мектебі толықтай реновациядан өтті. Ал бұрынғы Абай атындағы республикалық дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдеті оқытатын мектеп-интернатының жаңа ғимаратының құрылысы аяқталуға жақын.

Жұмысшы мамандықтары жылы аясында мемлекеттік білім беру тапсырысы 150 мың орынды құрады, оның 70%-ы техникалық мамандықтарға бөлінді. Студенттердің шекірткісі екі есе өсті. Кәсіпорындардың мақсатты тапсырысы бойынша оқып жатқан колледж студенттерінің саны соңғы екі жылда үш есе артты. Быыл бұл көрсеткішті 45 мың орынға жеткізу көзделген. 74 колледждің материалдық-техникалық базасы жаңартылды. Қазан айында Ақтау қаласында Түркітілдес елдер арасында Қазақстанның ұйымдастыруымен «TurkicSkills» бірінші халықаралық жұмысшы мамандықтар чемпионаты өтеді. Ол жастар мен студенттердің кәсіби шеберлігін дамыту және ілгерілетуді мақсат етеді.

Өткен оқу жылында еліміздің ұстаздар қауымының қажырлы еңбегі мен шығармашылық ізденістерінің арқасында бірқатар жетістікке қол жеткіздік. Енді жаңа оқу жылына жоспарланған жаңа міндеттер туралы сөз етсек. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы меншік нысанына қарамастан, білім жүйесінің барлық сатысына жалпай енгізіледі. Жасанды интеллекті элементтері жаңа оқу жылында білім беру үдерісіне енгізу басталады. Академиялық еркіндік пен ұжымдық жауапкершілікті басшылыққа алатын, әр оқушыға бағытталған жасанды интеллект негізіндегі білім беру жүйесі қалыптастырылады. AI-Kit платформасын кезең-кезеңімен қолданғысыз енгізу жоспарланған. Осыған байланысты педагогтер 3-деңгейлік курстан өткізіледі (Acquire – to Deepen – to Create). 1-11-сынып оқушыларының барлығы «Day of AI» курстарымен қамтылады. «Келешек мектептерінің» жұмысын үйлестіру, сүйемелдеу және әдістемелік басқару Ұлыбритания атындағы Ұлттық білім академиясына жүктеледі. «Әр мектеп – үздік мектеп» қағидатына негізделі отырып, сапа мен тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін басқарудың жаңа моделі мен аккредиттеудің стандарттары енгізіледі. Педагогтерді аттестаттаудың цифрлық «Ұстаз» платфор-

масы толыққанды жүзеге асады. Жас әрі талантты мұғалімдердің базасы жасақталады. Білім беруіндегі өзгерістердің жаңа буын мектептерлері пұлын қалыптастыру жалғасады, – деп қорытындылады сөзін министр.

ҮЗДІКТЕР ТӘЖІРИБЕСІ

Республикалық Тамыз конференциясының мінберінде бірнеше білім саласы қызметкері сөз сөйлеп, өз тәжірибесін бөлісті. Солардың бірі Қызылорда облысы № 290 Келешек мектебінің директоры Мәлдір Смаханова өзі басқарып отырған оқу ошағында қалайлы, жайлы жағдай жасалғанын, соның нәтижесінде, оқушыларының қолданбалы білім арқылы практикалық ойлауы дамып келе жатқанын жеткізді.

Біз жасанды интеллекті оқыту құралы ретінде ұтымды пайдалана бастадық. Алғашқы жеңістеріміз де бар. Оқушыларымыз Қытайдың Макао қаласында өткен халықаралық роботтехника чемпионатында жеті бірдей жүлдеге ие болды. Біз үшін әр оқушы – қайталанбас тұлға, өз дарыны мен дамуына лайық жеке өмір. Сондықтан мектептердегі инклюзивті ортаны, тең мүмкіндік пен шынайы қамқорлық кеңістігін қалыптастырып келеміз. Жалпы, өз басым, «Келешек мектептерінің» негізгі миссиясы еліміздің кез келген баласына бірдей дәрежеде заманауи білім беру, сол арқылы орта білім деңгейін күрт өсіру, яғни PISA көрсеткіштерін барынша жақсарту деп түсіндім.

Тәрбие мәселесі – басты бағыт. Біз білім сапасын көтерумен шектелмей, жас ұрпақты өмірлік ұстанымы нық, адал азамат ретінде тәрбиелеуге баса назар аударамыз. Өткен жылдан бастап еліміздің мектептерінде енгізіліп жатқан «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы осы мақсатқа қызмет етеді. Оның түпкі мәні – әділдік, адамгершілік, жауапкершілік және еңбексүйгіштік сияқты құндылықтарды бала бойына сіңіру. Бала тәрбиесі – мұғалім мен ата-ананың ортақ жауапкершілігі, ал заманауи мектептердің мазмұнын биікте ұстау – біздің басты міндетіміз, – деді М.Смаханова.

Спикердің айтуынша, мектеп ашылғаннан кейін жергілікті телеарнаға сұхбат берген Олжас атты келешек мектеп оқушысы «Осы білім ұясында саған не ұнайды?» деген сұраққа: «Мен мектептің қолайлы, өзіне қызық іспен, ұнайтын бағытпен айналысуына мүмкіндік беретініне қуандым. Өзімнің осы ортада қажет екенімді сезіндім», деп жауап беріпті. Ал Мақсат есімді оқушысы ақиық ақын Мұқағалидің рөлін мектепшілік «Самғау» театрында сомдағаннан кейін сабаққа деген көзқарасы күрт өзгерген. Үлгерімі жақсарып, патриоттық сезімі арта түскен.

Ақтөбе политехникалық колледжінің өндірістік оқыту шебері Дархан Шанбаев 2025 жылдың елімізде Жұмысшы мамандықтары жылы болып жариялануы техникалық және кәсіптік білімге деген көзқарасты түбегейлі өзгерткенін айтты. Оның ойынша, бұл бастама – еңбек адамына жаңа мәртебе берді.

Биылдан бастап барлық мектепке «Кәсіби бағдар беруші» лауазымы енгізіліп, 1000-ға жуық профилдік сынып ашылды. Соның нәтижесінде жоғары сынып оқушыларының нақты кәсіп иесі болуға деген қызығушылығы артып келе жатқанын көріп отырмыз. Қазір талапкерлер саны жыл санап көбейіп келеді. Мысалы, біздің колледжде былтыр 1 орынға 7 талапкер таласты. Бұл мемлекеттік техникалық және кәсіптік білім саласындағы саясаттың табысты жүзеге асып жатқанын көрсетеді. Осы үрдістің одан әрі жалғасатынына сеніміміз мол, – деді ол.

Д.Шанбаевтың айтуынша, Жұмысшы мамандықтары жылы аясында салада ілгерілеу көп. Айталық, еліміздің 60 білім ұйымы елемінің 30-ға жуық дамыған елінің оқу орнымен серіктестік орнатты, 200-ден аса адам тағылымдамадан өткен. Колледждер білім бағдарламаларын сала-лық стандарттарға сәйкестендіріп жатыр. Мысалы, Ақтөбе политехникалық колледжінің 6 студенті британдық «Reason-Certiprot» компаниясынан IT бағыты бойынша тәжірибеден өтіп, сертификат алды.

Колледждерде кәсіпорындар тарапынан шештік қамқорлық саны артып жатыр. Мен жұмыс істейтін оқу орны кадрлар даярлау мақсатында «Колледждер және ERG» альянсына кірді. Бұл өз кезегінде білім бағдарламаларын бірлесіп өзектендіруге, дағдылар оқытуы ұйымдастыруға, педагогтердің тағылымдамадан өтуіне ықпал етеді. Кәсіптік білім саласын трансформациялау – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажетті қадам. Біз студенттермен жасанды интеллект көмегімен көп-функционалды қызметтерді атқаратын, қазақша сөйлеп, сұрақтарға жауап бере алатын «SmartKhan» атты роботты жасап жатырмыз. Бұл да жасанды интеллект пен кәсіптік білімнің ұштасуы деп білеміз, – деді Д.Шанбаев.

Конференцияда Мемлекет басшысы бір топ педагогті білім беруінде аса үздік жетістіктері мен елімізде сіңірген айрықшы еңбегі үшін мемлекеттік наградалармен марапаттап, еңбегіне табыс тіледі.

Айдана ШОТБАЙҚЫЗЫ.

МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ

ШЕКАРАШЫЛАР – ЕЛ ШЕБІНІҢ ҚАЛҚАНЫ



18 тамыз күні Шекарашылар күні мерекесіне орай, аудандық Мәдениет үйінде мерекелік жиын өтті. Аталмыш шараға аудан әкімі Рахат Смағұлов арнайы қатысып, шекара шебіндегі сарбаздарды төл мерекелерімен құттықтады.

Құрметті шекара қызметінің ардагерлері, айбынды шекарашылар, қадірлі жерлестер!

Бүгін еліміздің шекарасын қорғап, күндіз-түні қызмет етіп жүрген шекарашыларды – кәсіби мерекесімен құттықтаймын!

Отанымыздың қасиетті шекараларын қорғау, шекарашылардың алдында тұрған жауапты және маңызды міндет. Бұл – еліміздің қауіпсіздігін, халқымыздың тыныштығын қамтамасыз ету. Бүгінгі күні біздің шекарашылар әскери міндеттерін абыроймен орындауда.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев шекара қызметінің ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызын әрдайым атап өтеді. Президентіміздің сөзінде:

Шекараның шебінде елдің тыныштығын күзетіп, әрбір іс-қимылды қалт жібермей, қырағылық пен қайраттылықты қатар алып жүрген шекарашылардың еңбегі ерен-ақ. Ел басына күн туса, ел шебін жауға тапталпауға да күш салатын сарбаздар. Сондықтан еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігін күзететін нағыз батырлар – шекара қызметкерлеріне алғыс айтып, құрмет көрсету – ортақ міндет.

кеттік шекарасынан заңсыз өтуге тырысты.

Бұл фактілер біздің қызметкерлеріміздің даярлығының жоғары деңгейін және олардың трансшекаралық көшпелі қосын-тегегуірлеріне жедел ден қоюға дайындығын айғақтайды.

Бақылау-өткізу пункттерінде есірткі құралдарын тасымалдау әрекеттері тоқтатылғанын ерекше атап өткен жөн. Бұл трансұлттық қылмыспен жүйелі және қатаң күресудің маңыздылығын растайды. Бұл жетістіктердің барлығы шекара қызметтерінің, жергілікті атқарушы органдардың және жұртшылықтың тығыз өзара іс-қимылының нәтижесі болып табылады.

Біздің қауіпсіздігімізді күнделікті күзететін әрбір адамға алғыс айтамын.

Қадірлі шекарашылар!

Сіздердің қиын да, жауапкершілігі мол істеріңізге табыс, мықты денсаулық, қажымас қайрат тілеймін!

Еліміз аман, аспанымыз ашық, шекарамыз берік болсын! Мерекелеріңіз құтты болсын, – деді Рахат Назымбекулы.



«Қазақстанның шекарасы – бұл біздің тәуелсіздігіміздің, тұтастығымыздың және бейбіт өміріміздің кепілі. Шекарашылар – мемлекеттің алдының шебінде тұрған, Отанға адал қызмет ететін ержүрек азаматтар», – деп ерекше сенім білдірген.

Біздің ауданда мемлекеттік шекараны күзететін төрт шекара заставасы бар:

- «Аралғаш» (Возвышенка ауылы);
- 2024 жылы Солтүстік Қазақстан облысының заставалары арасында бірінші орын алған аудан мақтаншысы, заставка бастығы – капитан Мұқаш Сағандық;

- «Келтесай» (Надежда ауылы);
- «Баян Батыр» (Қарақоға ауылы);
- «Қасқат» (Конюхов ауылы)

Ауданның шекара шебінде 300-ге жуық шекарашы абыройлы қызмет етеді. Сондай-ақ аудан аумағында екі өткізу пункті жұмыс істейді: ол темір жол арқылы – Булаево қаласында және автомобиль жолы арқылы – Қарақоға ауылында. Олар күн сайын шекараны сенімді қорғауды және тұрғындардың тыныштығын қамтамасыз етеді.

Соңғы екі жылда Мағжан Жұмабаев ауданы «Мағжан» шекара бөлімінің қызметкерлері мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және Отанымыздың шекарасын қорғауда жоғары тиімділік пен үйлесімділік танытты. Мәселен, атқарылған жұмыстың нәтижесінде Ауғанстан, Пәкістан, Йемен, Бангладеш, Марокко және Египеттен келген 44 шетелдік азамат ұсталды. Бұл адамдар Еуропа елдеріне одан әрі бару және босқын мәртебесін алу мақсатында Қазақстан Республикасының Мемле-

Содан кейін сахна төріне шекарашылар шақырылып, ҚР ҰҚК Шекара қызметінің құрылған күнін мерекелеуге байланысты Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен марапатталды.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Департамент бастығының тәрбиелік идеологиялық және кадрлар бөлімі бойынша орынбасары, полковник Сәкен Ормантаев болса, Отанға деген шексіз сүйіспеншілікті, қайсар рух пен аналық мейірімді бойына сіңірген ардақты аналарды ұлықтап, он апаға «Отан қорғаушының Анасы» төсбелгісін табыс етті.

Сонымен қатар, Бұл күні бір отбасының тірегі, бір сарбаздың сенімді серігі болған офицерлер мен сарбаздардың жұбайларына да құрмет көрсетіліп, оларға «Офицердің жұбайы» және «Отан қорғаушының жұбайы» төсбелгілері табысталды.

Мереке барысында «Мағжан» шекара бөлімінің бастығы, майор Абай Дәббілбеков те сөз алып, әріптестерін мерекемен құттықтады. Сондай-ақ ол шекара қызметіне үлес қосып жүрген зейнетке шыққан әскери қызметшілерді, мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың басшыларына ризашылығын білдіріп, ҚР ҰҚК Шекара қызметі СҚО бойынша департамент бастығының Алғыс хаттарын табыс етті.

Мерекелік іс-шара аудандық Мәдениет үйі өнерпаздарының және шекара шебіндегі сарбаздардың концерттік бағдарламасымен жалғасып, көркемөнерпаздар жиналған көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

СУЛЫШОҚ АУЫЛЫНА 115 ЖЫЛ –



Откен сенбі күні ауданымыздағы қаймағы бұзылмаған қазақ ауылдарының бірі - Сулышөктің 115-жылдық мерейтойы кеңінен аталып өтті.

Салтанатты іс-сараға аудан әкімі Рахат Смағұлов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов, елордадан, облыс пен ауданнан құрметті қонақтар келіп, ауылдықтарды айтулы күндерімен құттықтады.

- Құрметті ауыл тұрғындары! Ардақты ағайын!

Сіздерді қасиетті Сулышөк ауылының 115-жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

«Ауыл – халықтың алтын бесігі, берекелі тіршіліктің бастауы. Елдің ертеңі мен ұрпақтың болашағы да ауылдың әл-ауқатымен тікелей байланысты», - деп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өтті.

Бұл – тек бір ауылдың ғана емес, аудан өміріндегі елеулі оқиға.

115 жыл – тұтас бір дәуір, тұғырлы тарих. Бұл – ата-бабамыздың маңдай тері мен қажырлы еңбегінің, туған жерге деген махаббатының айқын айғағы.

Сулышөк – тарихы терең, тамыры мықты елді мекен. 1928 жылға дейін ауыл Бейнеқор ауданының аумақтық бірлігі болып, 1932 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданына берілді. Бұл кезеңде Первомайский, кейін Успенский ауылдық кеңестері құрылып, Сталин атындағы колхоз жұмыс істеді.

Ұлы Отан соғысы жылдары Сулышөк ауылынан 40-тан астам ер-азамат майданға аттанып, олардың жартысы елге оралмады, хабарсыз кетті. Елде қалған әйелдер мен балалар барлық салада аябай еңбек етіп, ауылдың өмірін сақтап қалды. Бүгінгі ұрпақ олардың ерлігін әрдайым тағзыммен еске алады.

1961 жылы Сулышөк ауылы «Қазақстанның 40 жылдығы» кеңшарының бөлімшесіне айналды. 1997 жылдан бастап жеке шаруа қожалықтары құрылып, жергілікті кәсіпкерлік қарқынды дами түсті.

Құрметті қауым!

Сулышөк – еңбек адамының ауылына айналған мекен. Бұл – дикан мен малышының, ұстаз бен дәрігердің, құрылысшы мен механизатордың алтын ұясы. Ауылдың өсіп-өркендеуі – осында тұрып жатқан сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасы. Сіздер ауылдың абыройын арттырып, ынтымағын нығайтып келесіздер.

Ауыл мектебі 65 жылдан бері үздіксіз білім беріп келеді. Осы уақыт ішінде мыңға жуық түлек білім алып, еліміздің түркітүркірінде еліміздің дамуы үшін абыройлы еңбек етуде.

Олардың ішінде ғылым докторлары, профессорлар, халықаралық академия мүшелері, контр-адмирал, полковниктер, түрлі деңгейдегі басшылар, табысты кәсіпкерлер бар. Сулышөк елінің атын асқақтатқан тұлғалар қатарында:

1. Әлжанов Молдаш Нұрмұхамедұлы – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының еңбек сіңірген геологы.

2. Анохин Николай Ильич – Тынық мұхит флотының контр-адмиралы.

3. Есембеков Темірғали Оразғалиұлы – Мағжан Жұмабаев ауданының Құрметті азаматы, Халықаралық Айтматов академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры.

4. Елубаев Қайрат Мендібайұлы – Мағжан Жұмабаев ауданының Құрметті азаматы, Ауғанстандағы жауынгерлік іс-қимылдарға қатысушы, Кеңес Социалистік Республикалар Одағы және Ауған Демократиялық Респуб-ликасының жауынгерлік наградаларының иегері.

5. Қазанов Болат Сатыбалдыұлы – Мағжан Жұмабаев ауданының Құрметті азаматы.

6. Қайырленов Қуаныш Қайырлыұлы – Қазақстанның еңбек сіңірген педагогы.

Бұл – ауылдың білім мен еңбектің ордасы екенін дәлелдейтін жарқын мысалдар. Сонымен қатар, Сулышөктен шыққан көптеген басқа да елге еңбегі сіңген тұлғалар бар. Бұл беделді тұлғалардың өмірі мен еңбек жолы – бүгінгі өскелең ұрпақ үшін үлгі-өнеге.

«Ауыл – ел бесігі» – бұл ауылдық аумақтарды дамытуға бағытталған маңызды ұлттық жоба. Біздің мақсатымыз – ауылда қаладағыдай жайлы өмір сүру жағдайларын жасау.

Мемлекет тарапынан Сулышөк ауылына үлкен қолдау көрсетілуде: ауылға кіреберіс жол жөнделіп, қоныс аударушыларға арналған үйлер салынды, қоншаларға жарық шамдары орнатылды, ауылға таза ауыз су тартылды.

Жергілікті іргелі шаруашылықтың басшысы Жәнібеков Қайрат Сапарғалиұлы ауылды абаттандыруға үлкен көңіл бөледі. Оның бастамасымен ауылда Мәдениет орталығы мен балаларға арналған орталық салынды. Мектепке жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Қадірлі жерлестер!

Осы ауылдың әрбір азаматы – Сулышөктің жүрегі мен тірегі. Бүгінгі ұрпақ – өткеннің аманатын аркалап, болашаққа жол ашатын буын. Сондықтан баршаныңызды елге адал қызмет етуге, бірлік пен татулықты көздің қарашығындай сақтауға шақырамын.

Туған жер – әр адамның жүрегіндегі ең ыстық мекен. Отанға деген махаббат – туған ауылдан басталады. Сондықтан біз туған жерімізді қадірлеп, оны көркейту үшін еңбек етуіміз қажет.

Бүгінгі мерейтой – тарихты еске алып, болашақты бағамдайтын ұлағатты сәт. Бұл күн – ел бірлігін, жерге деген сүйіспеншілікті айшықтайтын ерекше мереке.

Құрметті той қонақтары!

Ауылдың мерейтойына арнайы келіп, қуанышымызды бөліскен барша қонақтарға ризашылығымды білдіремін.



ТҰТАС БІР ДӘУІР, ТҰҒЫРЛЫ ТАРИХ

Ұрпақтар сабақтастығы үзілмей, ауылымыздың ажары арта берсін!

Баршаңызды осы мерейлі мерекемен тағы да құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақырмек тілеймін. Ынтымағы жарасқан, болашағы жарқын Сулышөк ауылы – әрдайым гүлденіп, көркейе берсін!

Туған жердің төрі әрдайым биік болсын, – деді аудан басшысы.

Мерейтойға ізгі тілектерін арнаған соң, Рахат Назымбекұлы ауылдың қоғамдық өміріне белсенді араласып, адал еңбегі мен ел дамуына қосқан зор үлесі үшін «АгроКомплекс-Сулышөк» ЖШС басшысы Қайрат Жәнібековке шынайы алғысын білдірді. Аталмыш кәсіпорынның қолдауының арқасында соңғы жылдары Сулышөк айтарлықтай көркейіп, ауылда көптеген оң өзгерістер орын алуда.

Мәселен, бүгінгі таңда елді мекенде 45 отбасы түтін түтетіп, ауылда қазір 250-ге жуық адам тұрады. Осыдан 10 жыл бұрын жойылудың аз-ақ алдында тұрды. Қиын-қыстау шақта жергілікті кәсіпкер Қайрат Жәнібеков демеу беріп, «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасына белсене қатысты.

Жаңадан тұрғын үйлер салынып, мәдениет ошағы мен шағын орталық бой көтерді. Шаруашылық мектепке күрделі жөндеу жасаса, мемлекет ауылға дейін жаңа жол салып берді. Ауылдықтар таза ауыз сумен қамтылып, қазір көше жарығы жарқырап тұр. Оңтүстіктен қандастар көшіп келіп, 2017 жылы мектепте 7 оқушы қалса, қазір 80-нен асады. Одан қалды, шағын орталықта да бала саны толық. Халық серіктестікте, мектеп пен әлеуметтік салада еңбек етеді. Жеке шаруашылығын дөңселтіп отырған азаматтар да бар.

Дана жұртымызда «Ауылына қарап азаматын таны» деген тамаша сөз бар. Ауылдан шыққан азаматтардың туған жерін түлетуге қосқан үлесі туралы да қазір жиі айтылып жүр. Сондықтан Қайрат Жәнібеков сынды азаматтарға қарап, риза боласың.

Өрине, Қайрат Сапарғалиұлымен бірге, ауылдастары да қол қусырып отырмай, іскер жанның барлық игі бастамаларын қолдауға әзір. Сол себепті, іс-шарада аудан әкімі ауылдың қоғамдық істеріне белсене қатысып, жоғары азаматтық белсенділік танытқан және елді мекеннің дамуына сүбелі үлес қосқан бірқатар ауыл тұрғындарын Алғыс хаттармен марапаттады.

Дәл осы күні ауылдың 115-жылдығын дүркіретіп тойлаған сулышөктықтар жаңадан салынған мешіттің есігін айқара ашты. Айта кетейік, жаздың басында Сулышөк ауылының тұрғындары бас қосып, ішімдіктен бас тартқан ауылдардың қатарына қосылған еді. Енді, міне, елді мекенде күмбезі көк тірегі Алланың жердегі үйі ашылып, салтанатты шараға жүздеген адам қатысты.

Имандылық ордасына қадам басқан қауым ең алдымен аруақтарға Құран бағыштап, ашылу салтанатына орай түрлі ұйым өкілдері мен көңілі кең отбасылар мешітке имандылыққа баулитын кітаптар мен тұрмыстық заттар сыйлады. Алғаш аталған тарту азаматтардың діни сауатын ашуға зор септігін тигізетіні сөзсіз. Үлкендер ізгі тілектерін айтып болған соң, Құдайға құлшылық ету орнының ресми түрде таспасы қиылды.

Қазақы дәстүр бойынша шашу шашылып, жамағат мешіттің ішін қуана тамашалады. Намазхананың іші кең, керектінің бәрі бар екен. Іші мұсылмандық нақышпен безендірілген, көздің жауын алады. Құрылыс жұмыстары былтыр жазда басталыпты. Ауқымды жұмысты жеке кәсіпкер Қайрат Жәнібеков өз қаражаты есебінен жүргізген.

Айтулы оқиғаға арнайы келіп қатысқан «Қызылжар» облыстық орталық мешітінің бас имамы Хамзат Әділбеков қазіргі таңда облыста 54 мешіт бар екенін және Сулышөктағы құлшылық орнына имам сайланып, құжаттары рәсімделген соң 55-ші болып тіркелетінін айтты.

- Қазір облыста 8 мешіттің құрылысы жүріп жатыр. Алла үйлерінің көптеп салынуы тұрғындардың рухани баюына зор септігін тигізеді. Осыны қалап, мешіт салдырған жаны жомарт жандарға айтар алғысымыз шексіз, – деді облыстың бас имамы.

Сулышөктағы күмбезді нысан ауылдың кіре-берісінде орналасқан. Сондықтан елді мекенге ерекше сән беріп тұр. Имандылыққа бет бұрып, 5 уақыт намаз оқимын деген жамағатқа мешіттің есігі әрдайым ашық болмақ.

Содан соң, ауылдықтар мен қонақтар үшін мерекелік дастархан жайылып, тілегі бір елге ас берілді. Дастархан басында мереке ұйымдастырушыларына ақсақалды аталар ақ батасын жаудырып, ақ жаулықты әжелері ізгі тілектерін арнады.

Түс ауа халықтың назары Ақан сері атындағы облыстық филармония өртістерінің ауылдың мерейтойына арнаған концертіне ауды. Кешегі Мағжанға шабыт берген мекенде ән мен күйден шашу шашылды. Бишілер де мың бұралып, тойдың көркін келтірді. Ал думанға арнайы ат басын тіреп, жан-жақтан жиялған елді мекен тумалары бір-бірімен қауышып, мәз-мейрам болды.

Той-думан барысында ұлттық ойындарға да кезек келді. Тенісе темір үзер толағайлар қазақ күресінен өзара мықтыны анықтады. Сондай-ақ, желдей жүйрік тұлпарлар мен тақымдары тастай балалар қуан және аламан бөйгеле өнер көрсетті. Жеңімпаздар мен жүлдегерлердің барлығы медальдармен, дипломдармен және ақшалай сертификаттармен марапатталды.

Бір сөзбен, айтқанда, ауылдықтар мен қонақтар үшін қызықты бағдарлама ұйымдастырылып, айтулы мереке әсем отпашумен ұласты. Тамаша өткен ауыл тойы кімнің де болсын есінде ұзақ сақталатыны сөзсіз, өйткені сулышөктықтар мерекенің жоғары деңгейде өтуіне бір адамдай атсалысып, қолдан келгенін бәрі жасады. Ендеше, той тойға ұласып, ауылдарымыз гүлденіп, халқымыз жасай берсін!



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

«ЖЕР УЧАСҚЕЛЕРІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША
ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ
ЖОБАЛАРЫН БЕКІТУ»

Мағжан Жұмабаев ауданының жер қатынастары бөлімі «Жер учасқелерін қалыптастыру бойынша жерге орналастыру жобаларын бекіту» бойынша мемлекеттік қызмет көрсетеді.

Осы мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар электрондық үкімет порталы арқылы көрсетілетін қызметті берушіге мынадай құжаттарды жолдайды:

1) электрондық-цифрлық қолтаңбамен куәландырылған, қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер учасқелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобасын бекітуге өтініш;

2) электрондық жерге орналастыру жобасы.

Өтініш бергеннен кейін көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

Бұдан әрі өтініш электрондық үкімет порталы арқылы жер қатынастары бөліміне түседі, онда кіріс құжаттарын тіркеуге жауапты адам өтінішті қабылдаған күні өтінішті мемлекеттік органның басшысына береді. Егер өтініш жұмыс күні аяқталғаннан кейін не демалыс күні берілсе, өтінішті қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Жер қатынастары бөлімінің басшысы құжаттардың мазмұнын танысады, бұрыштама қояды және өтінішті қабылдаған күні оларды жауапты орындаушыға береді. Жауапты орындаушы 1 жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар топтамасы немесе қолданылу мерзімі өткен құжаттар толық ұсынылмаған жағдайда өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды.

Құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде жауапты орындаушы жерге орналастыру жобасын бекіту туралы жер

қатынастары басшысының бұйрығын дайындайды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін 1 жұмыс күні ішінде мемлекеттік органның басшысына жібереді.

Мемлекеттік органның басшысы жерге орналастыру жобасын бекітеді не 1 жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуға қол қояды.

Жер қатынастары бөлімінің кеңсе қызметкері мемлекеттік органның басшысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне қол қойған сәттен бастап 15 минут ішінде жер учасқелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобасын бекіту туралы бұйрықты немесе дәлелді бас тартуды тіркеуді жүзеге асырады және веб-портал арқылы мемлекеттік орган басшысының электрондық-цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жібереді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін мыналар негіз болып табылады: дұрыс емес құжаттар немесе олардағы мәліметтер, көрсетілетін қызметті алушының немесе ұсынылған құжаттардың сәйкес келмеуі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне немесе әрекетсіздігіне шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына (тіркелген күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде қаралады), сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға (15 жұмыс күні ішінде қаралады) беріледі.

Алмас СӘРСЕНОВ,
Мағжан Жұмабаев ауданы
жер қатынастары бөлімінің
басшысы.

САЛЫМШЫЛАР НАЗАРЫНА!

САЛЫҚ САЛЫНАТЫН ТАБЫСТЫ
ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ЖЕКЕ
ТАБЫС САЛЫҒЫН ҚАЙТАРУ
МЕРЗІМІ ҰЗАРТЫЛДЫ

Бұл құқықты кім және қалай пайдалана алады? БЖЗҚ туралы өзекті мәселелерге жауап береміз.



1) ҚР қолданыстағы Салық кодексіне жеке табыс салығын өтеу бойынша талап қою мерзімдеріне қатысты қандай өзгерістер енгізілді?

Қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес тұрғын үйге немесе емделуге біржолғы зейнетақы төлемдерін (БЗТ) пайдаланған кезде жеке табыс салығын (ЖТС) төлеуді салымшының таңдауы бойынша БЗТ алған кезде бірден немесе зейнетақыға дейін кейінге қалдыру арқылы жүзеге асыруға болады. Сонымен қатар, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап әлеуметтік осал санаттарға жататын адамдар БЗТ түріндегі кірістерден стандартты салық шегерімдеріне (882 АЕК шегінде) құқылы. Алайда, көптеген адамдар БЗТ алған кезде ЖТС-ті бірден төледі. Бұл жағдайда әлеуметтік осал топтарға жататын алушылар үсталған ЖТС-ты қайта есептеп, қайтарып алу үшін БЖЗҚ-ға тиісті өтінішпен және растайтын құжаттармен жүгіне алады. Бұрын мұндай құжаттарды тапсыру мерзімі үш жыл болған. БЗТ-ны 2021-2022 жылдары алған азаматтар ер түрлі себептермен бұл мүмкіндікті пайдаланып үлгермеген. 2025 жылғы 15 шілдеде қолданыстағы Салық кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Бұл өзгертулерге сай, жеке тұлғалардың осындай өтініштері үшін белгіленген талап қою мерзімі 3 жылдан 5 жылға дейін ұзартылды.

2) ЖТС-ты қайта есептеп, қайтару құқығын кім пайдалана алады?

Салық салынатын табыс пен ЖТС-ты қайта есептеуге құқығы бар жеке

тұлғалардың тізбесі қолданыстағы Салық кодексіне айқындалған. Бұл бірінші, екінші немесе үшінші топтағы мүгедектігі бар тұлғалар, мүгедек балалардың ата-аналарының немесе қамқоршыларының бірі, бала асырап алушылардың бірі, жетім балалардың асырап алушы ата-аналары, соғыс ардагерлері және басқа санаттар. Мұндай азаматтардың толық тізбесі Салық кодексінің 346-бабында көрсетілген.

3) Қайда жүгінуге керек?

БЗТ бойынша салық салынатын табысты айқындау кезінде стандартты салық шегерімдері қолданылмаған зейнетақы төлемдерін алушылар, оларды қолдану құқығы болған жағдайда, кірістерді қайта есептеу және ЖТС өтеу үшін стандартты салық шегерімдерін қолдануға өтінішпен және растайтын құжаттармен БЖЗҚ-ның жақын жердегі филиалына шұғыл түрде жүгінуі қажет.

4) Уақытылы өтініш жасаған жағдайда, ЖТС қалай қайтарылады?

Стандартты салық шегерімі қолданылғаннан кейін, бұған дейін ЖТС үсталған болса, ол алушының жеке зейнетақы шотына қайтарылады. Егер ЖТС төлеу кейінге қалдырылған болса, онда ай сайынғы зейнетақы төлемдерін алған кезде оны төлеуге қатысты міндеттеме алынып тасталады.

5) Өзгерістер қай уақытқа дейін әрекет етеді?

Аталған өзгерістер 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін (қоса алғанда) қолданыста болады, өйткені 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексі күшіне енеді. Ал талап ету мерзімі қайтадан 3 (үш) жыл болады.

Сондықтан 2021-2022 жылдары БЗТ жүзеге асырған және стандартты салық шегерімдерін қолдануға құқығы бар барлық салымшылар мен алушыларға осы құқықты кейінге қалдырмай, уақытында пайдалануға кеңес береміз!

Сурақтар туындаған жағдайда 8 (727) 356 10 60 (қалааралық және халықаралық қоңыраулар), 1418 (Қазақстан бойынша тегін) нөмірлері бойынша байланыс орталығына хабарласуға болады.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз қызметі.

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

Қазақстанда өкпе обыры туралы хабардарлықты арттыру жөнінде жұмыстар жалғасуда. Дәрігерлер ерте диагностикалау мен темекіден бас тарту өмірді құтқаратынын еске салады.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨКПЕ ОБЫРЫ:
СТАТУСТИКА ЖӘНЕ ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ
НЕГІЗГІ ҰСЫНЫМДАРЫ

Өкпе обыры – әлемде де, Қазақстанда да ең қатерлі әрі өлім-жітімі жоғары онкологиялық аурулардың бірі болып отыр. Халықаралық қатерлі ісікті зерттеу агенттігінің (GLOBOCAN) деректеріне сәйкес, жыл сайын әлем бойынша бұл аурудың шамамен 2,2 миллион жаңа жағдайы тіркеледі.

Дамыған елдерде, соның ішінде АҚШ-та, Еуропа мемлекеттерінде және Оңтүстік Кореяда өкпе обырының барлық түрлері бойынша бес жылдық өмір сүру көрсеткіші 30%-дан аспайды. Бұл өзге онкологиялық аурулармен салыстырғанда әлдеқайда төмен. Мысалы, қуық асты безі обырында бұл көрсеткіш – шамамен 97,5 %, сүт безі обырында – 90,3 %, тоқ және тік ішек обырында – шамамен 65 %. Мұндай айырмашылықтар өкпе обырының агрессивті өтуін және ерте анықтау мен емдеу стратегияларын жетілдіру қажеттігін айқын көрсетеді.

Қазақстандық онкология институтының деректеріне сәйкес, бүгінде өкпе обыры бойынша диспансерлік есепте 7 350 науқас бар, олардың 2 473-і бұл диагнозбен бес жылдан астам өмір сүріп келеді. 2024 жылы «өкпе обыры» диагнозын алғаш рет 3 707 адамға қойылды. 2025 жылдың алғашқы 7 айында 2 281 жаңа жағдай анықталды. Қазіргі динамика сақталса, жылдың соңына қарай жаңа диагноздар саны 2024 жылмен салыстырғанда 5,5 %-ға артуы мүмкін. Дәрігерлердің айтуынша, өкпе обыры бар науқастардың шамамен 37 %-ы диагноз қойылғаннан кейінгі бірінші жылы қайтыс болады. Негізгі себеп – аурудың кеш анықталуы, яғни оның III–IV сатысында белгілі болуы.

Қазақстандық онкология институтында жыл сайын шамамен 10 000 пациент тексеруден өтіп, ем қабылдайды, олардың 30 %-ға жуығын өкпе обырымен ауыратындар құрайды. Жыл сайын 1 400-ден астам өкпе обыры бар науқасқа мамандандырылған көмек көрсетіледі, олардың 35 %-ына (шамамен 250–350 адамға) хирургиялық ем жүргізіледі.

Клиникалық тәжірибеде қазіргі заманғы хирургиялық әдістер, соның ішінде реконструктивті-пластикалық және ағза сақтайтын операциялар қолданылады. Ерекше назар аз инвазивті торақалды хирургияға аударылады: торақоскопиялық лобэктомиялар лимфодиссекциямен, сондай-ақ бронхо- және ангиопластикалық опе-

рациялар жасалады. Барлық операциялар торақалды онкохирургияның халықаралық стандарттарына сай жүргізіліп, медициналық көмектің жоғары сапасын және ем нәтижелерінің қолайлы болуын қамтамасыз етеді.

Ауруды ерте анықтаудың ең тиімді әдістерінің бірі – жоғары қауіп тобындағы адамдарға (ең алдымен ұзақ уақыт темекі шеккендерге) арналған төмен дозалы компьютерлік томография (ТДКТ) арқылы скрининг. Сондай-ақ, орталық орналасқан ісіктерді анықтауда жоғары диагностикалық дәлдікке ие бронхоскопия әдісі кеңінен қолданылады. 2025 жылы институтта 240-тан астам осындай процедура жүргізілді.

Ем тактикасын анықтау үшін қосымша иммуногистохимиялық және молекулалық-генетикалық зерттеулер жүргізіледі. Бұл, әсіресе, ұсақ жасушалы емес өкпе обырында маңызды, өйткені EGFR, ALK, ROS1, ERBB2, MET гендеріндегі мутациялар емдеу тәсілін және болжамды тікелей айқындайды.

Қазақстанда бес референстік зертхана жұмыс істейді, олар халықаралық стандарттарға сай күрделі зерттеулер жүргізуге аккредиттелген. Бұл онкологиялық көмектің мемлекеттік және жекеменшік секторында неғұрлым дәл диагностика мен жекелендірілген терапия тағайындауға мүмкіндік береді.

Онкологтардың бағалауынша, өкпе обырының негізгі қауіп факторы – темекі шегу. Науқастардың 80%-дан астамы – қазіргі немесе бұрынғы шылымшорлар. Дәрігерлер атап өтеді: темекіні тұтынудың қауіпсіз деңгейі жоқ. Темекіден кез келген жаста бас тарту қатерлі ісіктің даму қаупін төмендетеді.

Қазақстандық онкология институтының торақалды хирургі Бауржан Оспанұлы Иманбеков атап өткендей, темекіден бас тарту – аурудың алдын алудағы басты қадамдардың бірі. Диагноз қойылғаннан кейін де шылым шегуді тоқтату болжамды жақсартып, дерттің өршу қаупін азайтып, ем тиімділігін арттыра алады.

Сонымен қатар, онкологтар мынадай ұсыныстар береді:

- салауатты өмір салтын ұстану;
- теңгерімді тамақтану;
- дене белсенділігін сақтау;
- зиянды заттармен байланыста жеке қорғаныс құралдарын пайдалану;
- қауіп факторлары бар кезде тұрақты тексеруден өту;
- жөтел, еңгіу, кеуде тұсындағы ауырсыну және салмақ жоғалту сияқты белгілер байқалғанда дер кезінде дәрігерге қаралу.

Ерте диагностика – обырмен күрестегі негізгі фактор және ол емдеуді дер кезінде бастап, ұзақ мерзімді ремиссияға қол жеткізу мүмкіндігін едәуір арттырады.

«Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты» АҚ баспасөз қызметі.

ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ ЕСКЕРТЕДІ

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ -
ТЕЗ ЖӘНЕ ОҢАЙ АҚША ТАБУ ТУРАЛЫ ҮАДЕ

САҚ БОЛЫҢЫЗ!

БҮЛ ТАБЫС
АЛУДЫҢ
АЛАҢҚЫТҚЫ
СХЕМАСЫ

Қаржы пирамидаларының
негізгі түрлері:

1 Оңай
ақша табу
туралы уәде

Мессенджерлеріне шақырту
сілтеме арқылы қағидатына
негізделген пирамида;

3 Олар көпіндендірілген
табыс береді


Жерілік маркетинг қағидатына
негізделген пирамидалар;

4 Жобаға достарын белсенді
тартуды сұрайды

Понци типіне сай
негізделген пирамида;

5 Өте жоғары пайыздық мөлшерлемелермен
инвестициялайды

Көп деңгейлі
пирамидалар.



Дүйсенбі, 25 тамыз	Сейсенбі, 26 тамыз	Сәрсенбі, 27 тамыз	Бейсенбі, 28 тамыз	Жұма, 29 тамыз	Сенбі, 30 тамыз	Жексенбі, 31 тамыз
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӨНУРАН. 06.05 НҰЖУ-МАРЖАН. 06.45, 04.30 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 07.00 «TANSHOLPAN». 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.55 АҚПАРАТ. 10.10, 21.20 Т/Х «ҮНCІЗ КҮРЕC». 11.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10, 03.50 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.00 ЕҢБЕК АДАМЫ. 13.25, 03.10 ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР. 14.10 Т/Х «ШАБДАЛЫ 18». 16.30 «АЛМАТЫНЫҢ АУАСЫ». 15.45 ЗАМАНДАСТАР. 17.20, 02.35 «ТАПҚЫР ОТБАСЫ». 18.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 «КӨНІЛДІ ТАПҚЫРЛАР АЛАҢЫ». 23.10 Т/Х «ОТЫНДЫ ӨШІРМЕ». 00.05 ДАРЫН. 01.30 САНА. 04.45 ЕҢ ДӘМДІ.	06.00 ӨНУРАН. 06.05, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 02.00 АҚПАРАТ. 06.35 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 06.50, 04.55 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 07.00 «TANSHOLPAN». 10.10, 21.20 Т/Х «ҮНCІЗ КҮРЕC». 11.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10, 04.20 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.00 ЕҢБЕК АДАМЫ. 13.25 «ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР». 14.10 Т/Х «ШАБДАЛЫ 18». 15.15 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 16.30 «ҮШУ МӘДЕНИЕТ». 17.10, 03.45 «ТАПҚЫР ОТБАСЫ». 17.20, 03.40 «ТАПҚЫР ОТБАСЫ». 18.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 «КӨНІЛДІ ТАПҚЫРЛАР АЛАҢЫ». 23.00 Т/Х «ОТЫНДЫ ӨШІРМЕ». 23.50 ФУТБОЛ. 02.35 САНА. 05.05 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӨНУРАН. 06.05, 10.00, 14.00, 16.50, 19.50, 02.05 АҚПАРАТ. 06.35 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 07.00 «TANSHOLPAN». 10.10, 21.10 Т/Х «ҮНCІЗ КҮРЕC». 11.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10, 04.20 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.00 ЕҢБЕК АДАМЫ. 13.25 «ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР». 14.10 Т/Х «ШАБДАЛЫ 18». 15.15 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 16.30 «ҮШУ МӘДЕНИЕТ». 17.10, 03.45 «ТАПҚЫР ОТБАСЫ». 17.50 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА». 20.20 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.20 «КӨНІЛДІ ТАПҚЫРЛАР АЛАҢЫ». 23.00 Т/Х «ОТЫНДЫ ӨШІРМЕ». 23.55 ФУТБОЛ. 02.40 САНА. 05.00 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӨНУРАН. 06.05, 10.00, 14.00, 17.00, 19.50, 00.55 АҚПАРАТ. 06.35 ФУТБОЛ. 07.00 «TANSHOLPAN». 10.10, 21.20 Т/Х «ҮНCІЗ КҮРЕC». 11.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10, 04.15 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.00 ЕҢБЕК АДАМЫ. 13.25 «ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР». 14.10 Т/Х «ШАБДАЛЫ 18». 15.10 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 16.25, 03.50 «ЦИФРЛЫҚ ТОР». 17.20, 02.45 «ТАПҚЫР ОТБАСЫ». 18.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.30 «КӨНІЛДІ ТАПҚЫРЛАР АЛАҢЫ». 23.10 Т/Х «ОТЫНДЫ ӨШІРМЕ». 00.05 ДАРЫН. 01.30 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 01.40 САНА. 03.20 ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҰЗДЕCУ. 04.55 ТЕЛЕДӨРІГЕР.	06.00 ӨНУРАН. 06.05, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.55 АҚПАРАТ. 06.35 ФУТБОЛ. 07.00 «TANSHOLPAN». 10.10, 21.20 Т/Х «ҮНCІЗ КҮРЕC». 11.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10, 04.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.00 ЕҢБЕК АДАМЫ. 13.25, 03.15 «ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР». 14.10 Т/Х «ШАБДАЛЫ 18». 15.10 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 16.20, 03.45 «ҮНCІЗ ҚАЛҒЫМ КЕЛМЕЙДІ». 16.50, 01.30 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 17.20, 02.40 «ТАПҚЫР ОТБАСЫ». 18.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 «КӨНІЛДІ ТАПҚЫРЛАР АЛАҢЫ». 23.10 Т/Х «ОТЫНДЫ ӨШІРМЕ». 00.05 ДАРЫН. 01.40 САНА. 04.50 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӨНУРАН. 06.05, 17.00, 23.30 АҚПАРАТ. 06.35, 09.15, 04.15 «КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ». 07.00, 05.00 «АУЫЛДАСТАР». 07.30, 16.45, 23.50 «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН». 07.45 Т/Х «БІЗБЕН БІРГЕ». 10.00, 21.20 Т/Х «ҮНCІЗ КҮРЕC». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00 ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҰЗДЕCУ. 12.35 КОНЦЕРТ. 14.00 РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚЫНДАР АЙТЫCЫ. 17.20 Д/Ф. 18.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА». 20.00 «ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҰП». 20.20 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 ЗАМАНДАСТАР. 00.00 «ОЛИВЕР ТВИСТ», Х/Ф. 01.50 «ӘЛЕУМЕТТІҢ ТІРЕГІ», Д/Ф. 02.20 «ӘЛЕМНІҢ ТАҢАЖАЙЫП КӨРІНІСТЕРІ». 03.05 «ЕҢБЕК АДАМЫ». 03.35 «ЕҢ ДӘМДІ».	06.00 ӨНУРАН. 06.05 АҚПАРАТ. 06.25, 02.15 «КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ». 07.05 М/Ф. 07.35 М/Ф «ҮШ МАРҒАУ». 08.05 «КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ». 08.45 «ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҰЗДЕCУ». 09.20, 02.55 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 10.00, 21.20 Т/Х «ҮНCІЗ КҮРЕC». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 01.10 БАУ-БАҚША. 12.30 «БІЗДІҢ ЕЛДІҢ ЖПТТЕР». 14.00 РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚЫНДАР АЙТЫCЫ. 16.10 «АЛТЫ ЖАСАР АЛПАМЫC», Х/Ф. 17.40, 03.05 «КЕЛІШЕК МЕКТЕПТЕР». 18.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА». 20.00 «АҚОРДА». 20.20 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 «НАРТӨУЕКЕЛ». 23.50 «ЗАМАНДАСТАР». 01.30 «ӘЛЕМНІҢ ТАҢАЖАЙЫП КӨРІНІСТЕРІ». 03.25 «КҮМІC КӨМЕЙ».

Дүйсенбі, 25 тамыз	Сейсенбі, 26 тамыз	Сәрсенбі, 27 тамыз	Бейсенбі, 28 тамыз	Жұма, 29 тамыз	Сенбі, 30 тамыз	Жексенбі, 31 тамыз
-----------------------	-----------------------	-----------------------	-----------------------	-------------------	--------------------	-----------------------

ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ШАШУ». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/Х «ЗИМОРОДОК-2». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 13.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16.00, 23.00 Т/Х «МАЖОР». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «ЖАҢЫРЫЛЫ ҒҰМЫР». 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 ҚР ӨНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ШАШУ». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 13.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 15.10 ӘЛЕУМЕТ. 15.30 ДӨСТҮР. 16.00, 23.00 Т/С «МАЖОР». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «ЖАҢЫРЫЛЫ ҒҰМЫР». 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 ҚР ӨНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ШАШУ». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 13.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 15.10 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 15.30 КӨЗҚАРАС. 16.00, 23.00 Т/С «МАЖОР». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «ЖАҢЫРЫЛЫ ҒҰМЫР». 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 ҚР ӨНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ШАШУ». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 13.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16.00, 23.00 Т/С «МАЖОР». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «ЖАҢЫРЫЛЫ ҒҰМЫР». 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 ҚР ӨНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ШАШУ». 07.00 ОЯН. 10.00 М/Ф. 10.30 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 13.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16.00, 23.00 Т/С «МАЖОР». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «ЖАҢЫРЫЛЫ ҒҰМЫР». 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 ҚР ӨНУРАНЫ.	05.00 ЖЕТІ QAZYNA. 07.00 ТАМАША. 08.00 КОНЦЕРТ. 09.50 М/Ф. 11.20 М/Ф «ФИШ И ЧИПС». 12.00 «ВОЙНА БОГОВ: БЕССМЕРТНЫЕ», Х/Ф. 14.00 Д/Ф. 14.30 АЛАШҚЫ. 15.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 18.30 АРНАЙЫ ЖОБА. 20.00 КОНЦЕРТ. 22.00 7 КУН. 22.40 «БОЕЦ», Х/Ф. 01.10 ӘСЕМ ӨНДЕР. 02.00 ҚР ӨНУРАНЫ.	05.00 ЖЕТІ QAZYNA. 07.00 КОНЦЕРТ. 09.00 М/Ф. 10.10 М/Ф «ПРИШЕЛЦЫ В ДОМЕ». 11.40 М/Ф «ФИШ И ЧИПС». 12.00 «БОЕЦ», Х/Ф. 14.30 МАМАН СУР. 16.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 18.00 «АЛАШҚЫ ПО ВЫЗОВУ», Х/Ф. 20.00 АЛАШҚЫ. 21.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 22.00 7 КУН. 22.40 «ВОЙНА БОГОВ: БЕССМЕРТНЫЕ», Х/Ф. 02.00 ҚР ӨНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 25 тамыз	Сейсенбі, 26 тамыз	Сәрсенбі, 27 тамыз	Бейсенбі, 28 тамыз	Жұма, 29 тамыз	Сенбі, 30 тамыз	Жексенбі, 31 тамыз
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00, 02.25 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 Т/С «СКАЗКИ МАЧЕХИ». 14.10, 02.05 НОВОСТИ. 14.20, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ГРУППА «ZETA»». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.30 ЕҢ АЛАШҚЫ.	06.00, 02.25 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ДОКТОР ПРЕОБРАЖЕНСКИЙ». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 02.05 НОВОСТИ. 14.20, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ГРУППА «ZETA»». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.30 ЕҢ АЛАШҚЫ.	06.00, 02.25 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ДОКТОР ПРЕОБРАЖЕНСКИЙ». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 02.05 НОВОСТИ. 14.20, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ГРУППА «ZETA»». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.30 ЕҢ АЛАШҚЫ.	06.00, 02.25 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ДОКТОР ПРЕОБРАЖЕНСКИЙ». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 02.05 НОВОСТИ. 14.20, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ГРУППА «ZETA»». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.30 ЕҢ АЛАШҚЫ.	06.00, 02.40, 03.55 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ДОКТОР ПРЕОБРАЖЕНСКИЙ». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 02.10 НОВОСТИ. 14.20, 02.25 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПОЛЕ ЧУДЕC. 21.50 «СИННИЧКА», Х/Ф.	06.00 ЕҢ АЛАШҚЫ. 07.00, 03.10 «П@УТИНА». 08.45 «НЕ ПОКИДАЙ МЕНЯ», Х/Ф. 13.00 «КОМИССАРША», Х/Ф. 18.00 «ПИРАТЫ XX ВЕКА», Х/Ф. 20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.35 «СТАРОЕ РУЖЬЕ», Х/Ф. 01.05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.30 ТОЙ БАЗАР. 06.50, 01.40 «П@УТИНА». 08.45 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.00 «ДОСКА ПОЧЕТНЫХ». 09.35 Т/С «ПОДОЛЬСКИЕ КУРСАНТЫ». 12.40 «КОМИССАРША», Х/Ф. 17.45 «ПЕРВЫЙ ОСКАР», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 Т/С «100 ДНЕЙ СВОБОДЫ».

- Сөз қасиеті – көркемдігінде, ой қасиеті – шындығында.


Фабит МҮСІРЕПОВ.

- Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді.

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.

- Адам алысқа қараймы деп, жақындағысын көрмейді.

Қадыр МЫРЗА ӘЛИ.



АЗМАТТАРПА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

EGOV MOBILE ҚОСЫМШАСЫНЫҢ ЖАҢА НҮСҚАСЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛДЫ

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ВИРТУАЛДЫ КОМЕКШІ

Басты жаңалықтардың бірі – интеллектуалды іздеу. Енді сұранысты енгізген сәтте барлық сөйкес нәтижелер көрсетіледі: қызметтер мен өмірлік жағдайлар. Іздеу жолағының жанында жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін eGov AI виртуалды көмекшісі пайда болды.

eGov AI қосымшаға кіріктірілген және пайдаланушыларға мемлекеттік қызметтер жөнінде қажетті ақпаратты жылдам табуға көмектеседі. Ол чат форматында жұмыс істейді – сұрақ қойсаңыз, көмекші қарапайым тілмен не істеу керектігін түсіндіреді, қажет болса бірден тиісті бөлімге немесе қызметке бағыттайды. Мұндай тәсіл уақытты үнемдеп, навигацияны жеңілдетеді. Іздеу жолағы жанындағы eGov AI белгішесін басу жеткілікті – сол сәтте чат ашылып, бірнеше секунд ішінде жауап алуға болады.

ҚАУІПСІЗДІК КҮШЕЙТІЛДІ

Жаңарту барысында ақпараттық қауіпсіздікке ерекше мән берілді. Жеке деректерді қорғау деңгейі арттырылды, жүйенің сыртқы қауіптерге төзімділігін жоғарылатуға бағытталған техникалық жетілдірулер енгізілді.

ЫҢҒАЙЛЫ НАВИГАЦИЯ

Басты бетте енді ең танымал сервистердің белгішелері көрсетіледі – оның ішінде мемлекеттік қызметтерге жедел қол жеткізу мүмкіндігі де бар. Көзге бірден түсетін жерге орналастырылған eGov логотипі қызметтер каталогына тікелей өтеді. Мұнда барлық қызметтер тақырыптар бойынша реттеліп берілген. Навигация электрондық үкімет және Е-линеизация порталы бағыттары бойынша бөлінген. Төменгі бөлікте жаңа мүмкіндіктер жөніндегі қысқаша ақпараттық баннерлер, сондай-ақ ТОП-қызметтер, танымал және ұсынылған қызметтер тізімі орналасқан.



eGov Mobile мобильді қосымшасы соңғы жылдардағы ең ауқымды жаңартудан өтті: интерфейсін қайта жасалды, навигациясы жетілдірілді, интеллектуалды іздеу мен цифрлық құжаттарға жедел қол жеткізу мүмкіндігі қосылды. Жаңарту өсіп келе жатқан сұранысқа жауап ретінде іске асырылды – бес жыл ішінде eGov Mobile қолданушыларының саны алты есеге өсіп, 11 миллионнан асты.

ЖАҢАРТЫЛҒАН «СЕРВИСТЕР» БӨЛІМІ

Қолданушылар үшін барлық цифрлық сервистер тізімі енді қосымшаның төменгі мәзіріндегі «Сервистер» белгішесі арқылы қолжетімді. Басты беттегі танымал сервистерден бөлек, мұнда барлық қолжетімді құралдар бөлімдер бойынша топтастырылған.

Интерфейсі де ыңғайлырақ болды: әр сервис қасында түйреуіш бейнесіндегі белгіше бар – оны басқанда қызмет автоматты түрде танымалдар тізіміне қосылады. Сондай-ақ негізгі функцияларды қысқаша сипаттайтын баннерлер орналастырылған, бұл қосымша мүмкіндіктерді тезірек игеруге көмектеседі.

ЦИФРЛЫҚ ҚҰЖАТТАРҒА ЖЕДЕЛ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

«Цифрлық құжаттар» бөлімі айтарлықтай жаңартылды. Жеке куәлік, паспорт, туу туралы куәлік және өзге де маңызды құжаттар енді басты бетте бірден көрсетіледі – жеке бөлімге кірудің қажеті жоқ. Бұл қажетті құжатты немесе оның түпнұсқалығын тексеруге арналған QR-кодты лезде көрсетуге мүмкіндік береді.

ӨМІРЛІК ЖАҒДАЙЛАР КАТАЛОҒЫ

Пайдаланушыларға қолайлы болуы үшін өмірлік жағдайлар бойынша жеке каталог енгізілді. Мұнда, мысалы, емханаға тіркелу, құжаттарды қалпына келтіру немесе жүргізуші куәлігін алу тәртібі бойынша кезең-кезеңімен нұсқаулық берілген. Қажетті жағдай

таңдалған кезде құрылымдалған ақпарат ашылады: қандай әрекеттерді орындау керек, қайда жүгіну қажет, қай қызметті пайдалану керек және осы жағдайда қандай нормативтік құжаттар қолданылады.

Әр өмірлік жағдай интерактивті сауалнама арқылы толықтырылады. Оның нәтижесі бойынша пайдаланушыға жеке сценарий ұсынылады. Егер ұсынылған шешім сөйкес келмесе, сауалнаманы қайта өтіп, балама нұсқаны алуға болады.

EGOV QR ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖЕТІЛДІРІЛУІ

Енді экранда қызметтің мақсаты туралы түсініктеме көрсетіледі, ал қажет болған жағдайда түнгі уақытта қолдануға ыңғайлы болу үшін экран автоматты түрде жарықтанады.

«ХАБАРЛАМАЛАР» БӨЛІМІН ЖАҢАРТУ

Қызмет мәртебелері, сауалнама нәтижелері және маңызды жаңартулар туралы хабарламалар енді тақырыптар бойынша топтастырылған, бұл қажетті ақпаратты іздеуді жеңілдетеді.

ЖЕКЕ ПРОФИЛЬДЕГІ

КЕҢЕЙТІЛГЕН ДЕРЕКТЕР

Профильде енді жеке мәліметтер, отбасы, денсаулық, еңбек қозғалысы, айыппұлдар, мүлік және басқа да салаларға қатысты ақпарат көрсетіледі. Сондай-ақ берілген келісімдер тарихы қолжетімді, ал қажетті бөлімге өту айқын және логикалық навигация арқылы жүзеге асады.

eGov Mobile-дың ауқымды жаңартуы КР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік қорғалатын қызметтер комитеті мен «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның бірлескен жұмысының нәтижесі болды.

Жайна СЕЙДАХМЕТ,

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті.

ӘДІЛЕТ ОРҒАНДАРЫ ЕСКЕРТЕДІ

АЗМАТТАР ҮШІН ЭЛЕКТРОНДЫҚ АПОСТИЛЬДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ: ЖЫЛДАМ, ЫҢҒАЙЛЫ, КЕЗЕКСІЗ



Халықаралық байланыстардың қазіргі әлемінде – шетелде оқудан бастап некеге тұруға және бизнес жүргізуге дейін – бір елде берілген құжаттардың түпнұсқалығын растау қажеттілігі жиі туындайды, осылайша олар басқа елде заңды күшіне ие болады. Бұл үшін апостиль бар.

ялар белсенді енгізілуде.

1961 жылғы 5 қазандағы Гаага Конвенциясының ережелерін іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының Әділет Министрілігі әділет органдарынан шығатын құжаттарға электрондық апостиль қою, азаматтық хал актілерін және өзге де мемлекеттік органдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нотариустарын тіркеу тетігін енгізді.

Электрондық апостиль қою шетелде қазақстандық құжаттардың түпнұсқалығын растауды қажет ететін азаматтардың өмірін едәуір жеңілдетеді.

Электрондық апостиль қоюдың негізгі артықшылықтары:

- Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін қысқарту;
- Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі - 2 жұмыс күні;
- Құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін кірмейді;
- Электрондық апостильді eGov.kz электрондық үкімет порталы (бұдан әрі – Портал) арқылы үйден шықпай-ақ онлайн алуға болады;
- Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі - 1 жұмыс күні.

Қызмет көрсету ыңғайлылығы.

Өтініш портал арқылы беріледі, онда Сіз қажетті қызметті таңдай аласыз, сканерленген құжаттарды тіркей аласыз және жеке кабинеттегі мәртебені бақылай аласыз. Бұл өсірісе шағалы аудандардың тұрғындары үшін ыңғайлы.

Кезектер мен қағазбастылықтың болмауы.

Электрондық беру қағаз тасымалдағыштармен физикалық қатысу және өзара әрекеттесу қажеттілігін болдырмайды. Барлығы онлайн режимінде – мемлекеттік органның электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған дайын PDF құжатын беруден бастап алуға дейін.

Кез келген уақытта қол жетімділік. Қызмет тәулік бойы жұмыс істейді. Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесіне бейімделудің қажеті жоқ. Тек интернет және электрондық қолтаңба қажет.

Ашықтық және сенімділік.

Жүйе өтінішті өңдеудің барлық кезеңдерін тіркейді, сондай-ақ құжаттардың жоғалу қаупін жоюды, өйткені электрондық апостиль көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетінде еркін қолжетімді түрде қолжетімді болады. Алынған электрондық апостильді QR коды арқылы немесе ресми сайттағы сілтеме арқылы оңай тексеруге болады, бұл құжаттарды қабылдайтын шетелдік органдар үшін де ыңғайлы.

Электрондық апостиль қағаз түрінде сияқты Гаага Конвенциясының талаптарына сәйкес келеді.

Электрондық апостильге өтініш беру қалай жүзеге асырылады.

Қызметті алушы порталда авторизацияланады. «Құқықтық көмек» бөлімінде «Құжаттар мен мұрағаттық анықтамаларға апостиль қою» қызметі, «Әділет органдары берген құжаттарға апостиль қою» бөлімі таңдалады.

Электрондық өтініш толтырылады.

Аймақ таңдалады (өтініш берілетін жерде), телефон нөмірі, электрондық пошта көрсетіледі, ата-ана ретінде қызметке кімге тапсырыс беретінімізді таңдаймыз, сенімхат бойынша (сенімхатты салу міндетті), апостиль қоюға жататын құжаттың деректемелері, құжатқа қол қойған тұлғаның аты-жөні мен лауазымы толтырылады. Құжаттың сканерленген көшірмесі қоса беріледі.

Мемлекеттік баж төленеді (деректемелер бойынша төлем әрбір құжат үшін 0,5 АЕК мөлшерінде жүргізіледі).

Қызметке қол қою.

(Смс-парольді электрондық-цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ/QR CODE/булты) ЭЦҚ пайдалана отырып қызметке қол қою).

Өтініш қаралғаннан кейін өтініш беруші «апостиль» мәртебаны бар дайын электрондық құжатты немесе жеке кабинетте дәлелді бас тартуды алады («қызметтерді алу тарихы» бөлімінде).

Электрондық апостиль қою – бұл азаматтарға бағытталған ыңғайлы, қолжетімді және ашық мемлекеттік қызметті құрудың нақты қадамы. Осы жүйенің арқасында апостильді ресімдеу уақыт сұраныстары мен халықаралық өзара әрекеттесу талаптарына сәйкес оңайырақ, жылдам және заманауи болып табылады.

А. ӘДІЛОВА,
облыстық әділет департаменті
коммуникациялық емес ұйымдарды тіркеу және тіркеу қызметі саласындағы бақылау бөлімінің бас маманы.

Директор - бас редактор
Нәзім ГОНЧАР

Газеттің меншік иесі:
«Газета «Весты» ЖШС

Ресмиелік мекен жайы: 150800 Сәуірлік
Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы,
Бұлаев көшесі, Батыр Баия көшесі, 13 үй.
Тел: 2-17-49.
Баспасым нөмірі: 65360
e-mail: magzhan.zhuldi@yandex.kz

Газет аптасына
1 рет бейсенбі күні
шығады

«Magzhan Zhuldyz» газеті
редакциясы теріні бөлетеді.
«Севенный Казахстан»
баспаханасында басылды.
(Петровская к., Коммуна к-сі, 5 үй).
Тарауы: 600

Газет ауыл ақсіндісі, ауылдық
мекендердегі тапсырыс бойынша
шығарылады және газеттер арқылы
мемлекеттік ақпараттық саясатты
жүргізудегі ресми баспалық болып
табылады.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан Жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады.